

## Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 27 ақпандағы № 289 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабының 5-1 тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 30 қаңтардағы № 41, № 42, № 45, № 46, № 47, № 48 бұйрықтарымен бекітілген жерге орналастыру жобалары негізінде Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне елді мекендердің жері санатынан осы қаулының қосымшасына сәйкес жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Жүндібаев

Әкімдіктің

2024 жылғы 27 ақпандағы

№ 289 қаулысына

қосымша

### **"Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі**

1) Қостанай қаласы, Береке шағын ауданы мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 0,0997 гектар, "Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Береке шағын ауданында 1200 орынға арналған орта жалпы білім беретін мектепке инженерлік коммуникацияларды салу" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды (су құбыры) жүргізу үшін;

2) Қостанай қаласы, Береке шағын ауданы мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 0,1388 гектар, "Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Береке шағын ауданында 1200 орынға арналған орта жалпы білім беретін мектепке инженерлік коммуникацияларды салу" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды (су құбыры) жүргізу үшін;

3) Қостанай қаласы, Береке шағын ауданы мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 0,0507 гектар, "Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Береке шағын ауданында 1200 орынға арналған орта жалпы білім беретін мектепке инженерлік коммуникацияларды салу" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды ( жылумен жабдықтау) жүргізу үшін;

4) Қостанай қаласы, Береке шағын ауданы мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 0,1435 гектар, "Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Береке шағын ауданында 1200 орынға арналған орта жалпы білім беретін мектепке инженерлік коммуникацияларды салу" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды ( канализация) жүргізу үшін;

5) Қостанай қаласы, Береке шағын ауданы мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 0,0103 гектар, "Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Береке шағын ауданында 1200 орынға арналған орта жалпы білім беретін мектепке инженерлік коммуникацияларды салу" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды ( телефондандыру) жүргізу үшін;

6) Қостанай қаласы, Береке шағын ауданы мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 0,0831 гектар, "Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Береке шағын ауданында 1200 орынға арналған орта жалпы білім беретін мектепке инженерлік коммуникацияларды салу" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды ( электрмен жабдықтау) жүргізу үшін.